

## Есіл ауданы Явленка ауылында көшелер атын өзгерту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық Явленка селолық округі әкімінің 2008 жылғы 14 наурыздағы N 14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 14 сәуірде N 13-6-86 тіркелді

Ескерту. Тақырыпта "селосында" сөзі "ауылында" сөзіне және мәтінде "селосы" сөзі "ауылы" сөзіне, "селосындағы" сөзі "ауылындағы" сөзіне ауыстырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка селолық округі әкімінің 12.05.2017 № 30 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармағына сәйкес, Явленка ауылы тұрғындарының ойларын жүзеге асыра отырып **ШЕШІМ қабылдаймын:**

1. Явленка ауылындағы Новая көшесінің аты атақты қоғам- мемлекет қайраткері Нияз Салықұлы Сыздықов атына, Индустриальная көшесінің аты атақты қоғам-мемлекет қайраткері Жылғара Байтокин атына өзгертілсін.

2. Шешім бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Әкім*

*О. Шарапиденов*